

жөніндегі орынбасары, аудандық партия комитетінің нұсқаушысы болып қызмет атқарған ардақты азамат бертінде Абай, Энгельс атындағы және «Қызыл ата» мектептерін басқарған көпке сыйлы кісі еді. Алдында ғана «Ташкент қаласында күрделі операция жасатып қайттым» деп Төлеби ауданы, Бірінші Мамыр ауылындағы нағашы жұртына қонақ болып қайтқан еді. Отаның да шарапаты тимеді білем, ұзаққа созылған ауру ақыры алып тынды. Қаралы жиында өңірімізге белгілі ел ағалары тебірене сөйлеп, марқұмның жасаған жақсылықтары мен өрелі істерін өнеге етті. Ер азаматтардан кейін орташа бойлы, қараторы, үстіне костюм киген егде жастағы әйел кісі ортаға шықты. Әдетте, азалы жиында әйел адамның сөйлеуі сирек. Кеудесі ордендер мен медальдарға толы ол кісінің генерал Сабыр Рақымовтың майдандас серігі әрі әйелі Құралай Натуллаева екенін бірден таныдым. Бұрын теледидардан көріп жүрмін, газеттегі суретінен білем ғой. Әскерилердің командалық дауыспен көтеріңкі сөйлеу – ежелгі дағдысы. Сол мақамына басып, жиналған жұртшылықты аузына қаратты. Оның сол жиындағы әңгімесі күні бүгінгідей құлағымда сайрап тұр[4. 92б].

Қорытынды:Кешегі Шәмші әнге қосқан Теріскей әніндегі Қарақұр ауылы ежелден киелі мекендігімен қатар, шежірелі тарихы бар өңір.Көне замандағы Қарақұр қаласының орны әлі күнге сырын бауырына бүгін жатыр. Құралайдай асыл ананың қасиетті Қарақұр өңірінде дүниеге келуі заңдылық сияқты. Сол себепті Құралай апамызға Нұрманқызы деген өз тегі қалпына келтіріліп, ол кісінің есімі ардақталса деген көпшіліктің тілеуі бар. Құралай Нұрманқызының майданға ерлік жолдары да көп зерттеулер мен тың деректер қорын жинақтауды қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Абуев Қ.К., Жапекова Г.К. ГубайдуллаУалиханов: жизнь и общественно-политическая деятельность. – Алматы, 2019. – 175 с.
2. ХафизоваК. Степные властители и их дипломатия в XVIII-XIX веках. Монография. – Нур-Султан: КИСИ при Президенте РК, 2019. – 476 с.
3. Қосымша ақпараттар:<http://sabyrrahymov.asia.kz/>
- 4.Құралов А.Қ. Қазығұрт Қыраны.– Алматы, 1999.– 332 б.
5. Ақпарат көзін беруші: Құралай Натуллаеваның туысы,жерлесі Шұғыла Құралова

## ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭВАКОГОСПИТАЛЬДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Тынышбаева Ж.Т.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., Абишева Ж.Р.

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті  
[astanaastana08@mail.ru](mailto:astanaastana08@mail.ru)

Астана қ.

Соғыс тақырыбы қай кезде де өзекті. Себебі елінің бостандығы үшін майдан даласында мерт болған жауынгерлерді қастерлеп, есте сақтау қай халықтың болмасын қасиетті де мызғымас дәстүрі. Майдангер жауынгерлердің ерлігін жас ұрпақтың жадында мәңгі сақтау мақсатында ескерткіштер орнатылып, көшелер мен елді мекендерге есімдері берілді. Соғыс жылдарындағы халықтың жағдайы мен майдан даласындағы жауынгерлердің ерлігін баяндайтын бірқатар кинофильмдер түсіріліп, жазушылар мен композиторлардың шығармалары, бірқатар майдангерлердің естеліктері жарыққа шықты. Соғыс тақырыбындағы естеліктердің ішінде, әсіресе, маршалдар К.Г.Жуков, А.М.Василевский, И.С.Конеv пен аты аңызға айналған Бауыржан Момышұлының естеліктері құнды дерек көздері болып табылады. Бұл естеліктерде соғыстың алғашқы айларындағы майдан даласындағы ауыр жағдай, жауынгерлердің психологиясы шынайы беріледі. Әлбетте, Ұлы Отан соғысы тақырыбын қозғаған кезде республиканың жеңіске қосқан үлесін айтып кетпеуге болмайды. Соғыстың алғашқы айларында-ақ Қазақстанда бірнеше дивизиялар мен бригадалар жасақталып, бірден майданға аттандырылды. Алматыда жасақталған 316-атқыштар дивизиясы Москва үшін болған шайқаста асқан ерлік пен батырлықтың үлгісін көрсетті. 28 панфиловшылардың қатарындағы қазақтар Н.Есболатов, Ә.Қосаев, А.Қожабергенов, М.Сенгірбаев қаланы қорғай отырып, өздерінің рухты халықтың жауынгер ұлдары екендігін дәлелдеді.

Москва түбіндегі шайқасты айтқан кезде Кремльдің жанына қойылған белгісіз жауынгердің қабірі еріксіз еске түседі. Белгісіз жауынгердің басына «Есімің сенің беймәлім, ерлігін бар өлмейтін» деп жазылған. Ол қаһарман генерал И.В.Панфилов атындағы 8-гвардиялық дивизияның шайқасқан мекендердің бірінен алынған белгісіз жауынгердің сүйегі. Мүмкін, ол саяси жетекші Рашит Жанғозиннің денесі болар, әлде автоматшы Төлеген Тоқтаровтың қабірі болар? Мүмкін, ол Крюково түбіндегі шайқаста қаза болған саяси жетекші Жолмұхамед Бозжанов па? Қалай болғанда да ол майдан даласында опат болған барша қаһарман жауынгерлерге бағышталған қасиетті қабір. Оның басына жаққан мәңгі от Отан үшін жанын пида еткен барлық кеңес жауынгерлеріне Отанның маздатып жаққан шырақ шамы.

Ленинград, Сталинград, Курск иіні, Берлин үшін болған шайқастарда да қазақстандықтар ерліктің тамаша үлгілерін көрсетіп, есімдерін тарихта қалдырды. Мәселен, жазушы И.Эренбург өзінің «Қазақтар» деген публицистикалық мақаласында тұтқынға түскен бір немістің сөзін келтіреді: «Біз шабуылға шығып едік, бір қоңыр түсті жауынгерлер бізге қарсы ұмтылды. Олардың қасарысып алысқандары сонша, біз шыдай алмадық. Бізге бір үрей пайда болды да, кейін шегіндік. Кейін бізбен соғысқандар қазақтар екендігін айтты. Мен бұрын мұндай халық бар екенін білмейтін едім»[1]. Қазақстандықтар майдан даласында ғана емес, тылда да қажырлы еңбектері арқылы ұлы жеңісті жақындатуға орасан зор үлестерін қосты. Ы.Жақаев, Ш.Берсиев, М.Мұхамедиева және т.б. тыл еңбеккерлері бұрын-соңды болып көрмеген үлкен көрсеткіштерге қол жеткізді.

Қоршауда қалған Ленинградтықтарға қазақтың Гомері атанған Жамбылдың үні асқан демеу, қуатты күш, мықты тірек болды. Ленинградты қорғаушылардың бірі атақты Всеволод Вишневский «Бұл сәлемді көзге жас, көңілге қуаныш толы сезіммен оқымауға болмайды.... Біз күшімізді еселей түсіп ұрысқа аттандық»[1, 143-б.] – деп еске алады.

Ия, қалай айтсақ та ІІ дүниежүзілік соғыс және оның құрамдас бөлімі Ұлы Отан соғысы адамзат тарихындағы ең бір қасірет пен қантөгіске толы соғыстардың бірі болды. Соғыстың алғашқы айларында-ақ кеңес әскері үлкен шығындарға ұшырап, Украина, Белоруссия, Молдавия, Прибалтика елдерін тастап, кейін шегінді. Соғыс кезіндегі шығын туралы құжаттарды мұқият зерттеу арқылы алынған мәліметтердің айтары көп. Бұл ең алдымен Ұлы Жеңістің ұлы бағасы деген сөз, жауды жеңу жолында жанын қиғандарды жадында сақтау тірілердің парызы деген сөз. Құжаттарды зерделей отырып, назар аударатын бір мәселе, майдан даласында жараланғандар мен контузия алғандардың үштен екісінен астамы, яғни, 12546000 жауынгер сапқа қайта оралған [2]. Себебі, майдангер жауынгерлердің жауға деген өшпенділігі мен жеңіске деген сенімі оларға күш пен жігер беріп, өмірлік қуат-қорын арттырды. Әлбетте, қатарға қайта тұрғандардың тез сауығып кетуіне медицина саласының мамандары мен халықтың жан-жақты көмегінің арқасы да шешуші роль атқарды.

Әскери-медициналық қызметтің жетістігінің негізі барлық деңгейдегі медицина кадрларының жоғары біліктілігі мен жеткілікті болуы және де жараланғандарды кезең-кезеңімен емдеп жазудың қолайлы жүйесінің қалыптасуында болып отыр. Алғашқы медициналық көмек және жаралыларды емдеу ең алдымен роталар мен батальондарда басталып, санитарлар жауынгерлерді тез арада батальон фельдшеріне не тура полктің медицина пунктіне жеткізетін. Дәрігерге дейінгі және дәрігерлік алғашқы көмек алған жаралылар дивизияның медициналық-санитарлық батальонына жеткізіліп, операция үстеліне жатқызылған. Хирург-дәрігерге тез жеткізілуінің арқасында өлімнен арашаланғандар көп болды. Операциядан кейін он-он бес күн ішінде қайта сапқа тұра алатындар ғана медсанбаттың госпиталінде қалдырған. Жарасы ауыр болған жауынгерлерді медициналық қызметтің эвакуациялық бөлімшелері армиялық, майдандық деңгейдегі госпитальдарға жеткізген. Ал ол жерден ең ауыр деген жаралылар арнаулы санитарлық пойыздармен шалғай тылға жөнелтіліп, Қорғаныс халкомының, КСРО немесе одақтас республика денсаулық сақтау халкомының эвакогоспитальдарына, сондай-ақ Бүкілодақтық Кәсіподақтар Орталық Кеңесі мен оның республикалық органдарының госпитальдарына жатқызылған. Айта кететін бір мәселе, армиялық және майдандық бағыныштағы госпитальдар жалпы хирургиялықтан бөлек бас және бет-жақ сүйектері, асқазан, ішек, жамбас-сан хирургиялық госпитальдарына, сонымен қатар жеңіл жара, неврология және басқа да аурулар госпитальдарына мамандандырылды [3]. Госпитальдардың мамандандырылуы жаралылар мен науқастарды емдеп жазу сапасын жақсартуда зор роль атқарды.

Қазақстанда соғыс басталмастан бұрын Орта Азия әскери округінің Алматы гарнизондық госпиталі және Қазақ шекаралық округінің госпиталі жұмыс істеді. Соғыс басталғаннан кейін шілде айында алғашқы эвакогоспитальдар Ақтөбе, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды, Семей облыстарына, кейін басқа да облыстарға орналастырылды. 1941 жылы 22 қыркүйекте оларды басқару үшін Қазақстан Денсаулық сақтау халкомының құрамында эвакогоспитальдар басқармасы құрылды. Оны штатында он адамы бар халком орынбасары профессор В.Г.Ермолаев (1944 жылдан – Денсаулық халкомының орынбасары медицина ғылымдарының кандидаты М.К.Тілеуғабылов) басқарды. Бас хирургы профессор В.В.Закеев болды. 1941 жылы қазанда ВЦСПС (Всесоюзный центральный совет профессиональных союзов) санаторийлері мен демалыс үйлері басқармасының негізінде ҚазКСР-інде ВЦСПС-тің Қазақстандағы эвакогоспитальдарының басқармасы құрылып, бастығы И.С.Асиновский, ал бас хирургы Т.А.Бакшт болды [4].

Госпитальдарды басқару мен оларды материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етудегі аралық буын жергілікті эвакуациялық пункттер (ЖЭП) болған еді. Ленинград майданынан Алматыға келген ЖЭП-19 1941 жылғы 20 қазаннан 1945 жылғы ақпандағы реэвакуациясына дейін Алматы, Жамбыл, Семей облыстарындағы госпитальдардың жұмыстарына басшылық жасады. ЖЭП-39 Петропавлға келіп, сол жылғы 27 қарашадан Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Қарағанды және Павлодар облыстарының госпитальдарын басқарды. ЖЭП-60 Ташкентте болды да, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы госпитальдарға басшылық жасады. ЖЭП-110 Орынборда орналасып, Ақтөбе, Гурьев және Батыс Қазақстан облыстарындағы госпитальдарды басқарды. Қостанай облысының госпитальдары Челябинскідегі ЖЭП-98-дің қарауында болды.

Жаңа эвакогоспитальдарды құру 1942 жылдың ақпанына дейін, майдан өңірінен келгендерін орналастыру сәуірге дейін жалғасты. Қазақстанның қалалары мен селоларынан барлығы 155 эвакогоспиталь өтті. Олардың 27 % республиканың белгіленген аудандарына жайғаспай, басқа республикаларға ауыстырылды. 1942 жылдың наурызында Қазақстанда жұмыс істеп тұрған госпитальдар саны – 78 болды. Мысалы, Алматы облысында 3 520 төсектік 9, Ақтөбе облысында 2 790 төсектік 8, Ақмола облысында 1510 орындық 5, Шығыс

Қазақстанда 1310 орындық 3, Гурьев облысында 1280 орындық 3, Жамбыл облысында 760 орындық 2, Батыс Қазақстан облысында 1300 орындық 3, Қарағанды облысында 1470 орындық 3, Қызылорда облысында 1210 орындық 3, Қостанай облысында 700 орындық 2, Павлодар облысында 900 орындық 2, Солтүстік Қазақстан облысында 2760 орындық 5, Семей облысында 2650 орындық 5 және Оңтүстік Қазақстан облысында 1565 орындық 3 госпиталь болды. Қазақстанда уақытша орналасқан эвакогоспитальдардың жалпы санынан 44,5 % жергілікті және 55,5 % эвакуация ретімен келгендер болатын. Соғыстың барысындағы шешуші бетбұрыс, сондай-ақ эвакогоспитальдардың көпшілігінің майдан шебіне жақын өңірлерге оралуына байланысты елдің шығысында, соның ішінде Қазақстанда да госпитальдар саны біртіндеп азайды. 1943 жылдың басында республикада олардың саны 30 (30250 орын), 1944 жылы 19 (10000 орын), 1945 жылы 4 (2400 орын) болды. 1945 жылдың 1 қазанында эвакогоспитальдардың соңғысы Отан соғысы мүгедектерінің госпиталі болып қайта құрылды [5].

Эвакуациямен келген госпитальдарды қабылдап, орналастыру, сондай-ақ жаңа госпитальдар құру ісіне республика, облыстар, қалалар мен аудандардың партиялық органдары басшылық етті. Санаторийлер мен демалыс үйлері түгел дерлік және де ауруханалардың бір бөлігі, сонымен қатар оқу орындары, мәдениет сарайлары мен клубтардың ғимараттары госпитальдарға берілді. Жаралыларды емдеп, аяғына тез тұруы үшін қолда бар мүмкіндіктің барлығы да пайдаланылды. Мәселен, Алматының өзінде ғана госпитальдарды қамқорлыққа алуға 300-ден астам кәсіпорын, мекеме және оқу орындары қатысты. Өндірістік ұжымдар үй-жайларды бейімдеп қайта құруға көмектесіп, жетіспей жатқан жабдықтарды жасап берді. Спорт ұйымдары емдеу физкультурасын ұйымдастыру үшін керекті нұсқаушылар мен құрал-сайман бөлді. Жоғары сыныптардың оқушылары мен студенттер ауыр науқастардың палаталарында кезекшілік ұйымдастырып, жаралылардың жақындарына хат жазып беруге көмектесті. Республика театрларының артистері 1942 жылғы қаңтардан 1943 жылғы наурызға дейінгі 14 айдың ішінде ғана госпитальдарда 2975 концерт қойды [6].

Көптеген госпитальдарда қамқоршылардың көмегімен мүгедектерді жаңа мамандықтарға үйрететін курстар мен үйірмелер құрылды. Қазақстан Денсаулық сақтау халқымының госпитальдарында ғана 12 352 адам екінші мамандық алды. Мұның өзі олардың жаңа тіршілік жағдайына бейімделіп, жауды талқандауды көздеген жалпыхалықтық іске қосылуын жеделдетті және материалдық-тұрмыс жағдайларын да жеңілдетті.

Халықтың өз еркімен қан тапсыруын ерекше айтып өту керек. Республика бойынша донорлар саны 1945 жылға қарай 41 213 адам болды. олардың көбі 10-20 литрден, ал алматылықтар М.А.Гусеева – 21,3 және А.В.Колпакова – 23,8 литр қан тапсырды. Еріктілердің ыстық қаны жүздеген және мыңдаған жауынгерлердің өмірлерін сақтап қалды. Жаралы және науқас жауынгерлерді емдеп жазудың негізгі жүгін дәрігерлер көтерді. Гурьевтен А.Д.Сүндетов, Оралдан К.Н.Тимофеев пен З.А.Латыпова, Петропавлдан В.С.Воробьев пен Н.Р. Сулова, Алматыдан Х.А.Барлыбаев пен И.Т.Калиничева және басқа да көптеген дәрігерлер эвакогоспитальдар ашылысымен оларға штаттағы қызметкерлер болып кірді. Қазақстанның еңбек сіңірген дәрігерлері мен ғылым қайраткерлері В.В.Закеев, В.И. Зюзин, Г.Н.Удинцев қаладағы және облыстардағы госпитальдарда консультанттар және жетекші мамандар болып жұмыс істеді. Көптеген медик ғалымдар мен дәрігерлер ғылыми жұмыстарын жалғастыра отырып, емдеудің шипалылығын күшейтуге жәрдемдесті. № 4152 эвакогоспитальдың (Көкшетау облысы, Воробьевка селосы) басшысы, медицина қызметінің аға лейтенанты Н.П.Золотых, қызметкерлері А.А. Глушко мен М.Г.Леонова аяқ-қолға оқ тиген жараны емдеуде емдік физкультураны қолдану әдістерін зерттеді. № 1054 эвакогоспиталінен (Бурабай курорты) Ф.А. Лайгинский мен Н.С.Павлович туберкулез ауруларын емдеудің нәтижелерін талдады. № 3582 эвакогоспитальдан доцент Златин үсіктерді ашық әдіспен емдеуге арналған тор шәрке, сондай-ақ жараға да шипалы парафин-май қоспасын бүркейтін құрал жасап шығарды. Хирург А.Н.Сызганов пен оның шәкірттерінің қазақстандық «КЗК» қан алмастырғышын жасау жөніндегі, сондай-ақ оның Республикалық қан құю станциясын ұйымдастыру жөніндегі қызметі жемісті болды. Жергілікті ғалымдар мен жас зерттеушілердің жетістіктері жете тексерілісімен дереу практикаға енгізілді. Бұл жұмыс ғылыми-дәрігерлік конференциялар (госпитальдық және госпитальаралық конференциялар) мен семинарлар арқылы жүргізілді. Атап айтқанда, емдеудің физикалық әдістерінің Сеченов атындағы Орталық ғылыми-зерттеу институтының (Бурабайда орналасқан) негізінде ұйымдастырылған осындай семинарлардың бірінде КСРО ҒА құрметті академигі Н.Ф.Гамалей, мүше-корреспонденттері Г.Д. Белоновский мен Н.Н.Петров, профессорлар И.Я.Брук, П.В.Лихтерман, Е.А.Нильсен, М.И.Певзиер дәрігерлер алдында сөйледі [7, 98-б.].

Алматы медицина институтының кафедралары жанындағы дәрігерлердің білімі мен мамандануын арттыру жөніндегі курстар жаңа әдістерді қолдануда машықтану және білім жетілдіру ісіне көп көмек берді. 1941 жылдың өзінде ғана 739 дәрігер мен 2925 орта дәрежелі медицина қызметкерлері мамандандыру курстарынан өтті.

Медицинаның озық тәжірибесі мен ең жаңа жетістіктерін зерттеп біліп, практикаға енгізу жөніндегі жұмысқа жалпы басшылықты Республика денсаулық сақтау халқымы эвакогоспитальдар басқармасының ғылыми-методикалық бюросы (бюроны профессор В.Г.Ермолаев басқарды) мен ВЦСПС-тің Қазақстандағы эвакогоспитальдары басқармасының ғылыми-госпитальдық кеңесі (жетекшісі профессор Т.А.Бақит) жасады. Бұл мекемелерде жұмыс істеген адамдар кәсіби біліктілігі жоғары, өз істерін жетік білетін тәжірибелі мамандар болды. Осындай мамандар жұмысының нәтижесі – госпитальдар жұмысының көрсеткіштері еді. Мысалы, №4091 эвакогоспиталі Алма-Арасан курортының негізінде Алматыдан 26 км жерде 1941 жылғы 15 қазаннан 1945 жылғы 13 қыркүйекке шейін жұмыс істеді. Госпитальдың басшысы II рангалы әскери дәрігер

В.М.Михновский, ал 1944 жылдың ортасынан бастап медқызмет майоры А.Ф.Леоновский болды. 420 орындық госпиталь соғыс жылдарында 3887 жаралы мен науқасты қабылдап алды. Осы уақыт ішінде 8 адам қайтыс болып, 843 адам сапқа қайта оралды. Ал қалғандары әскери есептен шығарылып, немесе әрі қарай емделуге демалыс беріліп қайтарылды.

№ 4113 эвакогоспиталь Медеу қойнауындағы «Қазақстанның Х жылдығы» демалыс үйінде жұмыс істеді. Басшысы III рангалы әскери дәрігер Е.П. Скуратова, ал 1942 жылдың аяғынан II рангалы әскери дәрігер Г.М.Варшавский болды. 1941 жылғы қазаннан 1945 жылғы 13 қыркүйекке дейінгі кезеңде онда 4992 жаралы және науқас жауынгерлер емделіп, 1259 адам сапқа қайта оралды.

№ 4100 эвакогоспиталь 1941 жылдың қазаннан 1945 жылғы 13 қыркүйекке дейін Шығыс Көміршілер кәсіподағы ОК демалыс үйінде Көкшетау облысының Шучье қаласында жұмыс істеді. Госпитальдың басшысы болып III рангалы әскери дәрігер А.П.Матафонов, 1943 жылдың бірінші жартысынан III рангалы әскери дәрігер Я.З. Браиловский, 1944 жылдың екінші жартысынан медқызмет капитаны А.С.Медовар жұмыс істеді. Соғыс жылдарында мұнда 3000 жауынгер емделді. Қайтыс болғаны – 3 адам, 998 адам сапқа оралды.

Қазақстанның басқа эвакогоспитальдарындағы көрсеткіштер де осыған шамалас. Оларда барлығы 184309 жаралы және науқас жауынгерлер емделді. Соның ішінде Республика Денсаулық сақтау халкомының госпитальдарында 151407, Қазақстандағы ВЦСПС жүйесінде 32902 адам емделді. Денсаулық сақтау халкомы госпитальдарында 60-70 %-ке дейін, кәсіподақ госпитальдарында емделгендердің 48,4 %-і сапқа қайта оралғандар болды [7, 146-б.].

Демек, майдан даласында жараланған жауынгерлердің өмірі үшін күн-түн демей аянбай қызмет жасаған медицина қызметкерлерінің Ұлы Жеңіске қосқан үлесін ешкім де жоққа шығара алмайды. Олар өздерінің міндеттерін жауапкершілікпен орындап, майдангердің аяқтан нық тұрып, сапқа қайта оралуына қолдан келер мүмкіндіктің барлығын ұтымды пайдаланды. Осы арқылы Қазақстанда орналасқан эвакогоспитальдар өздерінің алдына қойған миссияны абыроймен орындап шықты.

Пайдаланылған әдеттер:

1. Қозыбаев М.Қ. Ақтаңдақтар ақиқаты. - Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 142 б.
2. Войн без жертв не бывает // Красная звезда. 1982, 27 марта.
3. Очерки истории советской военной медицины. – Ленинград: Издательство «Медицина», 1968. - 526 с.
4. Жакупова М.А. Эвакогоспитали Казахстана в годы Великой Отечественной войны. – Алма-Ата: Казахстан, 1985. – 118 с.
5. Кучерявый И.М. Год работы эвакогоспиталя // Здравоохранение Казахстана, 1942. - №10. – С. 3-11.
6. Самарин Р.И. Забота о раненых и больных эвакуированных в Казахстан в годы Великой Отечественной войны // Здравоохранение Казахстана, 1980. - №5. – С. 6-9.
7. 40 лет Советского Красного Креста. 1918-1958. - Москва: Медгиз, 1959. – 221 с.

## ГҮЛСІМ АСФЕНДИЯРОВА: МЕДИЦИНА САЛАСЫН ДАМЫТҚАН КӨРНЕКТІ ТҮЛҒА

Убайдулла А.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Асылгожина Р.Е

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті,  
Астана қ.

Гүлсім Асфендияроваға арналған бұл мақала қазақ даласындағы алғашқы қазақ медицинасы мен денсаулық сақтау саласының дамуына үлкен үлес қосқан дәрігер ретінде оның өмірі мен қызметін зерттеуге бағытталған. Мақсаты Асфендиярованың денсаулық сақтау саласындағы атқарған ролін анықтап, оның осы салада қызмет еткен үлесін талдау.

Тарих қойнауына үңілсек, еліміз азаттық таңына қол жеткізбей тұрып қаншама қиын-қыстау кезеңді басынан өткерді. Сондай бір қысылтаяң шақта қара басының қамын емес, халықтың жағдайын ойлап, қолұшын созғандардың арасында әйелдердің ролі орасан зор болды. Солардың бірі – қазақ қыздарының арасынан шыққан тұңғыш дәрігер Гүлсім Асфендиярова. Оның халықты ағартуда қосқан үлесі мен қызмет жолы жайлы тың деректер әлі күнге дейін толыққанды ашылмай, беймәлім күйінде жатыр.

Гүлсім Асфендиярова – қазақ медицинасы мен денсаулық сақтау саласының дамуына үлкен үлес қосқан, өзінің кәсіби қызметі арқылы қазақ халқына шынайы көмек көрсеткен ғалым әрі дәрігер. Оның еңбегі мен ғылыми жұмыстарының маңызы өте зор, әсіресе Қазақстанда медицина саласының негізін қалауға жасалған үлесі ерекше.

Гүлсім Асфендиярова 1880 жылы дүниеге келген. Оның отбасында білімге деген құштарлық пен жоғары моральдық құндылықтар басым болды. Әкесі мен атасы дәрігерлер болған, бұл да Гүлсімнің